




# Мұнайлы ӨЛКЕ



“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№11 (98), желтоқсан, 2017 жыл



# 2018 ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

## Қадірлі мұнайшылар!

**Санаулы күндерден кейін 2018 жылға қадам басқалы тұрмыз. Ескі жыл есіркеп, Жаңа жыл жарылқағай!**

«Бүгінгі күн-ертеңгі тарих» демекші, 2017 жыл «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін тарихи жыл болып уақыт қойнауына енді. Қазақ елі Тәуелсіздігінің 26 жылдығын мұнай өндірісіндегі биік табыстарымызбен айықтадық. Мұнай өндірудің жылдық жоспары - 6 млн 350 мың тонна мұнайды орындау жолында талмас табандылықпен межеге табан тіреген мұнайшылар Жаңа Жылды қарқынды еңбек вахтасымен қарсы алды.

«2017 жыл несімен есте қалды?» деген сұраққа жауап іздесек, тұтас ел үшін үлкен мерекелер мен маңызды оқиғалар тоғысқан кезең болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы – ұлт тарихындағы жаңа бір ұлы белес, ерекше жаңалық ретінде тарихқа енді.

Мамыр айында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының 150 000 000 (жүз елу миллионыншы) тонна мұнайын өндірген тарихи межесіне куә болдық. Өндіріс пен өнерді серік еткен біздің ұжымның оң көрсеткіштерін тарқатар болсақ, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ бойынша өткен «Үздік маман-2017» кәсіби додада қос әріптесіміз «Жетібаймұнайгаз» ӨБ қызметкерлері Абдол Бижанов пен Рахат Имановтың жеңіс тұғырынан көрінуі мамандардың кәсіби шеберлігін шындау бағытындағы игі ізденіс, өндірісті тиімді ұйымдастырудағы жаңашылдықтың нәтижесі екені сөзсіз.

**Қадірлі мұнайшылар, құрметті әріптестер!** Компания жеткен жетістік, бағындырған биік, әрбір асқан асуларда Сіздердің өлшеусіз үлестеріңіз бар. Ел экономикасының қарыштап дамуына қосар ерен ерліктеріңіз таусылмасын. Табалдырығымыздан аттағалы тұрған Жаңа жылдың біздің компаниямыз үшін бұдан да жарқын боларына сенім мол.

Құрметті әріптестер! Баршаңызды келіп жеткен 2018 – Жаңа Жылмен шын жүректен құттықтаймын. Компанияның дамуы мен гүлденуіне қосқан еңбектеріңізді жоғары бағалай отырып, Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жаңа жыл – жаңа жетістіктер мен жаңа бастамалар жылы болсын!

### «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

Бас директор  
Иманбаев Б.А.

Бас директордың бірінші орынбасары  
Пэй Цзяньшэн

## Жаңажылжық лебіздер

### ЖЫЛ ҮЗДІГІ



Ерболат Ецанов  
«Қаламқас-  
мұнайгаз» ӨБ  
№1 МҒӨЦ  
техник-геологы

Биыл «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы атынан мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастардың қоғам өміріне белсенді араласып, әр салада өз кәсіби шеберлігін көрсетіп жүрген жалынды жастарды ынталандыру мақсатын көздейтін «Ақтау калалық жастар сыйлығы» байқауына түскен болатымын.

Сайысқа түскен үміткерлерден 11 ағалым бойынша жеңімпаз таңдалды. «Жас көшбасшы», «Жас ақын», «Жас мұғалім», «Жас журналист», «Жас спортшы», «Жас ғалым», «Жас мемлекеттік қызметкер», «Жас әскери қызметкер» атақтарын оза шауып, жүрік шыққан жастар қанжығасына байлады. Аталған байқауда «Жас мұнайшы» аталымы бойынша жастар сыйлығына лайық деп танылуым – бүкіл ұжымға арналған марапат деп білемін. Өндіріс процесіне жан-жақты баулып, кәсіби тұрғыдан өсуіме қолдау көрсеткен ұжымға алғысым шексіз. Сондай-ақ компанияның жас мамандар Кеңесі, қоғамдық өмірдің белортасында жүрген Бауыржан Ходжаев, Абдислап Наурызбаев, Шығыс Әбдіров сынды жас әріптестеріммен қуанамын. Қатарларынан ілгері оздырған компания жас мамандарымен бірге талай белестерді бағындыратынымызға сенемін.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мұнайшыларына Жаңа Жыл жаңа жетістіктер мен мол табыстар әкелгей!



Абдол Бижанов  
«Жетібай-  
мұнайгаз» ӨБ  
№1 МҒӨЦ  
слесарь-эксдевуші

Жаңа жыл - жүріп өткен бір жылға баға беріп, жаңа бастамалар мен ізденістерге тын қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылатын ерекше мереке. Өтіп бара жатқан жыл маған ерекше қуаныш сыйлады. Мұнай-газ кешенінің отыз мамандығы бойынша үш мыңға жуық жұмысшы бақ сынасқан республикалық «Үздік маман-2017» байқауынан жеңіп шығып, Компания намысын қолдан бермедім. Республикалық көлемде сайысқа қатысу – көңіл толқытарлық жағдай. Мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның, ұжымымның абыройын асқақтатқаныма өте қуаныштымын.

Мен еңбек ететін «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай және газ өндіру цехы өлкеңіз ғана емес, қазақ елінің мұнай өндірісі тарихының басында тұрған тарихи ұжым. Цехтың денін жастар құрайды. 2017 жылдың қорытындысымен компаниядағы жастар саясатын жүзеге асырудағы озық көрсеткіші үшін біздің цех «Үздік цех» атағын жеңіп алдық. Биыл менімен бірге Сәкен Сәметдинұлының жүлделі орынан көрінуі де, ұжымдастарым Талғат Жақыпов, Жарас Ходжаев, Байсары Дүйсенбаев, Жомарт Құдайбергенов сияқты білікті жас мамандардың белсенділігі де, цех басшылығының жастарды қолдауы да бұған себепкер болғанын ерекше атап өткім келеді.

Жаңа жыл отбасыларыңызға жылдың жақсылығын әкелсін! Өрқайсыңызға бақ – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа – бақыт пен шаттық тілеймін. Жаңа Жыл құтты болсын, қымбатты әріптестер!



# МОЛ БОЛСЫН ЕЛІМІЗГЕ ЖАҢАЛЫҒЫҢ!



**Нəзиqa Медетбаева**  
«Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 МҒӨЭ операторы

Менің өндірістегі еңбек жолым 2017 жылмен аяқталып отыр. Жаңа 2018-жылды бейнетті еңбек пен төгілген маңдай тердің зейнетін көру қызығымен қарсы алып отырмын.

Зейнетке кетер алдында ұжымымна баспасөз арқылы жүрекжарды лебізді жеткіземін. Үйренісіп қалған ұжыммен қоштасу жеңілге соқпайтыны рас екен. Өмірімді өндіріс саласына арнап, мұнайшылықты таңдаған тағдырымды разымын. Барлық әріптестеріме, ұйымшыл ұжым басшыларына көп жылдар бойғы қатар жүрген жылдарым үшін алғысымды білдіремін. Жылдар өткен сайын өмірде болған оқиғалар, кездескен, жұмыстас болған кісілерімнен бірге өткізген күндер, атқарылған істер жүрек торінен ошпестей орын алатыны сөзсіз. 40 жылға жуық қызметте кәсіби қалыптасып, өзіміз шәкірт болдық, есейе келе талай шәкірттің қанатын қатайттық десем артық айтқандық болмас. Еңбегім елеңіп, алғыс марапаттар алғаным да бар. Осынышама тынымсыз еңбектен кейін демалып, күш жинап, жанымна жақын жанұяма көп көңіл бөлсем деймін. Рухани азық жинап, кітаппен достығымды күшейтетімін деген ойым да жоқ емес әзірге.

Маған берілген мүмкіндікті пайдалана отырып мен өндірісте еңбек етіп, қоғамның дамуына барын салып жүрген барша ұжымдастарымды Жаңа Жыл мерекесімен құттықтаймын! Алдағы атқарар еңбектеріңіз өнімді болғай! Табыс пен сәттілік тілеймін, Сіздерге!



**Шамшадин Еисегенов**  
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, КМДыОЦ 4-дәрежелі тауар операторы

- 2017 жылдың айдарын айрықша желбіреткен ел өміріндегі іргелі шара - «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі, оған өзіміздің «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамынан 1500 мұнайшы мен 2000 бала қатысуы. Ескі жылдың енісінде кетіп бара жатқан айтулы оқиғаның бел ортасында болған маған бұл жыл керемет әсермен есте қалды. Компаниям тек маған емес, ұл-қызым Ақтолқын мен Айболдың қатысуына мүмкіндік беріп, бүкіл әлем көз тіккен ауқымды шараны көрулеріне себепкер болды. 15-ке жуық елдің павильонын тамашаладық. Әсіресе, сегіз қабаттан тұратын «Нұр Өлем» ұлттық павильоны ерекше ұнады маған. ЭКСПО маман-дандырылған көрмесін тамашалауға барлық жағдайды жасаған және қатысуға ықпал еткен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасына, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының баслығы Нұрпейіс Сөрсенбайға, сонымен қатар 2005 жылдан кешенді мұнай дайындау және өткізу цехында бірге еңбек етіп жүрген цех басшылары Саясат Еділбаев, Батырхан Қуанбай маған сенім артқандары үшін алғысымды білдіргім келеді.

Мереке қарсаңында барлық әріптестерімді жаңа 2018 жылмен құттықтай отырып, алдағы жылдың елімізді өркендеті түсетін еңбектің жаңа белестерді бағындыратын жеңістері көп болатын берекелі жыл болуына тілектеспін!



**Ғани Әбдісадық**  
«Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының төрағасы

Биыл бірнеше маңызды оқиғаны бастан кештім. Басым бөлігі «өмір кітабымын» жеке парақшасына жазылса, енді бірі кәсіби тұрғыда жаналық алып келді. Соның ең бастыларының бірі – биыл мамыр айында «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының Компания жанындағы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының төрағасы болып сайландым. Иығима үлкен аманатты, зор жауапкершілікті арттым. Елдігі мақсат – осы сыннан сүрінбей өтіп шығу.

Бастауыш ұйым төрағасының қызметі ауырталығымен қатар жаңа белестерді бағындыруға деген мүмкіндігі де ала келді. Десек те, мен үшін бұл қызмет мансап емес, керісінше, Отан алдындағы перзенттік борышымды өтеуде септестіні мықты инструмент, өмірлік тәжірибе.

Келесі есте қаларлық оқиға – Компания жанынан «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының құрылғаны болды. Көптен көкейде жүрген мәселе еді. Биылғы жылдың сәуір айында ресми тіркеуден өтіп, шілде айынан бастап жұмыс жасай бастады. Алғашқы 3 айда жиналған қаржыға Ақшұқыр мектеп-лицейінің оқушылары - аз қамтылған 9 отбасы балаларына қысқы киімге, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қызметкері собиінің еміне және үйі өртенген қоғамдық тамақтандыру бөлімі қызметкеріне көмекке жұмсалды. Қазір қордың тұрақты түрде қайырымдылық жарнасын аударып отырған 133 салымшысы бар. Уақыт өте қатарымыз көбейіп, ауқымды шараларды жүзеге асыратындай жағдайға жететінімізге сенімім нық. «Садақа 70 бөледен қашық етеді» дейді, садақа беріп, «өзгенің ауыр жүгін жеңілдетемін» десеніз, Сізге де есігіміз айқара ашық!

Жаңа жалдарыңыз құтты болсын! Жаңа жылда жаңа белестерді бағындырып, қатарымыз көбейсін!



**Ұлболсын Бекмісесова**  
«Жетібаймұнайгаз» ӨБ «Еңбек Даңқы» мұражайының қараушысы

Қош айтысып бара жатырған 2017 жылды мен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50-жылдығына арналып жасакталған мұнайшылардың «Еңбек даңқы» атты мұражайы қызметкері ретінде қарсы алдым.

Менің ойымша, мұражай қызметкері – тарихтың шырақшысы.

«Егер сен тарихыңды ұмытсаң, келешек сені ұмытады» деген даналық бар. Жыл бойы мұражайды еңкейген қарттан жас өскін балаға дейін келіп тамашалауын мұнайшы елдің өз тарихына деген құрметі деп қабылдадым. Жетібай кенорнының елу жылдан аса тарихы боп сөйлейтін әр жәдігерде Маңғыстаудағы әр мұнайшы отбасының тағдыры, ата, әкелерінің өмірінің баяны жатыр. Мұнда Жоғары Мәртебелі Уақыт тоқтап қалған. Тыныштықта мүлгіген көне суреттерде, экспонаттарда, анау май күпәйкі мен шаң сіңген керзі етікте, қол шам мен тек мұнайшаның өзі ғана ажырата алатын темір-терсекте жалынды жастық шақ, елдің көсегесін көгертем деген махаббат жатырғанын келуші аталарымыз бен әжелеріміздің көзінен ғана танысын...

Биыл келуші қонақтарымыз көп болды. Мұражайымызға ат басын бұрғандардың қатарында облыс әкімі Ералы Тоғжанов, парламент депутаты М.М. Бортник, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ вице президенті О.В. Карпушин бар. Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаңғырған жібек жолы» - атты медиа кеуен блогерлері де Маңғыстау тарихынан сыр шертетін мұражайда болып, суреттер топтамасын, өндіріс алаңының макетін, кішігірім мұнай мұнарасы мен Жетібайдың кен орындарынан өндірілген мұнай үлгілерін және т.б. демалатын орындарын тамашалады. Сонымен қатар еліміздің әр облысында оқып жатқан студенттер, Жетібай кентінде бас қосқан жас-жұбайлар да мұражайымызға келіп осы күнге жеткізген ата-бабаларымыздың еңбек тарихымен танысып тұрады.

«Откен жылға өкте жоқ, келер жылдан үміт көп»- демекші келер 2018 жыл кезекті кереметтермен қуантады деген үміттеміз. Мұражай ұжымның атынан осынау келіп жеткен Жаңа жылмен баршаныңды шын жүректен құттықтаймын. Әр адамның жүрегіне арман мен үміт ұялататын Жаңа жыл сіздерге зор денсаулық, мол табыс, құт-береке әкелсін, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ауызбіршілігіміз берік болып, жарқын болашаққа деген сенім нық болсын. Жаңа 2018 ИТ жылы құтты болсын, ағайың!



**Сәкен Сисенбаев** - техника қауіпсіздігі департаментінің инженер-экологы

Өткен бара жатқан 2017 жылы менің өмірімде болған елеулі оқиға - желтоқсан айында Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы облыстық ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жұмысшы жастар арасында «Жігіт сұлтаны-2017» байқауына қатысуым. Аймақтағы ірі өндіріс ошақтары мен кәсіпорындардан қатысқан «сегіз қырлы, бір сырлы» жеті жігіт атқа шабу, садақ ату, сұрақ-жауап және өнер сайыстарынан сынға түсті. Іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, ақтық сайысқа шықтық. Сахнаға шығуға бар жауапкершілікпен дайындалдым. Рухани жаңғырудың мәні мен маңызын ашу, жастарды мәдени шараларға тарту арқылы, жұмысшы жастардың зияткерлік ойлау қабілетін арттыруды көздеген байқау мен үшін үлкен мектеп болғанын атап өткім келеді. Додаға түсіп, бақ сынаудың онай емен екенін басымнан өткердім. Оза шапқан өңкей «мен атайын, сен тұр» жігіттерден үйренгенім көп. Бәсекелес жігіттер мықты болды. Олардан қалыспау үшін барымды салдым, өнер көрсетуде ән айттып, атқа да шаптым. «Бастысы қатысу» - дегендей, конкурса қатысып көп дос тапқанымна қуаныштымын.





# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛЫ – ӨЖЕТ, ҚЫЗЫ – ҚАЙРАТТЫ, ХАЛҚЫ – ҚАҺАРМАН!

## — ҰЛТТЫҚ КИМ - ҰЛТ АЖАРЫ —

Компанияда жарияланған 15 желтоқсан - Ұлттық киім Күні аясында «Ұлттық киім – ұлт ажары» байқауына қоғамның 7 құрылымдық бөлімдері қатысты. Шараның мақсаты – Тәуелсіздікпен қайта оралған қазақты болмысты, салт-сананы насихаттау, тарихты түгендеу. Өйткені қайта оралған қазақты мұраның тарихы – Тәуелсіздігіміздің тарихы.



... Таңғы сағат 8.00. Жұмысқа асыға кірген қызметкерлер кенесге емес, барлық сәт-салтанатымен тігілген алты қанат ақ ордаңның есігінен аттағандай болды. Күмбірілеген күй әп-дегеннен көңілді көкке шалқытып, дөбелені қыздырғандай.

Күнделікті кенес киімін ұлттық киімге алмастырған қыз-келіншектер, жеңіл желбегейлі ныққа ілген жігіттер жұмысқа жайдары кірісті. Бірнеше күн бұрын жұмыс бөлмелерін ұлттық нақышта безендіріп, ішін салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызға сай әспеттегені көрер көзге айқын көрініп тұр. Бұл сайысқа қатысқан 7 департаменттің жұмыс бөлмелері халқымыздың асыл мұрасы – киіз үйдің жабдықтарымен, көне жәдігерлермен, бұйымдармен жасакталған.

Төгітте киген қос етек қойлек, қызылды-жасылды бешпет-камзол, кермеде ілінген сур, астау толы сыбаға қазы-қартасымен, асық ойына жатқан уақ бала... шолысы сылдырлап жылдың есебін, айдың май жоспарын да жауып жатқан қыздарды көріп қазақ болып туғанмызға қуандық.

Департаменттерді аралап, ұлт болмысын айшықтайтын құндылықтарды бағамдауға шыққан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығынан құралған комиссия мүшелерін ғана емес, қызықтаушы зріпестерін де шашу шапшып қарсы алған адам ресурстарын басқару және әлеуметтік даму департаментінің ұжымы киіз үйдің шаңыраған шалқайтып, қазақ елінің төрт бұрышынан келген қазақы дастарханнның дәмдерін алға тартты. Беріктің орнындағыдай өз де көңілге шаттық сыйлағаны рас.

Геологтар тар жол, тайғақ кешуден өткен қазақ халқының тағдырлы Тәуелсіздігін

Ұлттық сайыстың қатысушылары бірі осылай ел тарихындағы елеулі күндерден көрінсін қойса, басқалары тұсау кесу, бесікке салу, айтыс сынды салт-дәстүрлерді сахналаған екен. Мәселен, әкімшілік мәселелер департаментіне қарасты ғимараттарды күтіп ұстау тобы қазақы отбасындағы тәлім-тәрбиені, қонақжайлылықты, үлкенге құрметті, кішіге ізеттілікті көрсетіп, Тәуелсіздік алған күндегі бір қазақ отбасының қуанышын көз алдымызға шынайы келтірді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев ақын Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ елімі» өлеңін оқып, көптің көңілінде ерекше әсер қалдырған бөбек Али-Мұстахим Алдабергеновтің басынан сипап, еліміздің келешегі жастардың қолында екенін айтты. Сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау департаментінде Райана Амандыққызының тұсауы кесілгенде комиссия мүшелері



мазмұнды баяндалды. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуынан бастап Тәуелсіздік алған кезіндегін тарихы Қазақстанның мұнай өндірісі кезеңдерімен ұштастырылған.

Біз жас геологтардың білімі мен білігіне тәнті болдық.

Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар.  
«Еркек тоқты – құрбандық»,  
Атам десең, атыңдар!

Қоң, аман бол, артымда  
Ағайын, туған азамат!  
Артымда қалған ата-анам,  
Ел-жұртым, саған аманат!

– деп жас геолог Бауыржан Исатаев Желтоқсан батыры Қайрат Рысқұбековтың «Аманатын» биік руспен жеткізгенде өзекке ашы өксік тығылды...



баланың келешегіне ақ жол тілеп, қадамына «Құтты болсын!» айтты. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Алтайұлы бұл балаларды компания өз қамқорлығына алатынын жеткізді.

әлеуметтік мәселелер департаментіне қарасты тамақтану бөлімі және құрылыс департаменті 3-орынды иеленді.

## — ҚАРТҚА ҚҰРМЕТ - ЖАСҚА МІНДЕТ —

Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізілген «Қартқа құрмет – жасқа міндет» атты қайырымдылық акциясында жылдағы дәстүр бойынша жас мамандар Кенесі мүшелері аймақ мұнайының игерілуіне лайықты үлес қосқан, бүгінде бейнетті еңбектің зейнетін көріп жатқан ардагерлермен жүздесіп, ұлағатты әңгімелерін тыңдады, жағдайларын көріп, арнайы дайындаған сыйлықтарын тапсырды. Осы бір игілікті істің басы-қасында «жақсылықты көрмек үшін» деп биде жүрдік.

Алдымен Ұлы Отан соғысы ардагері Камка Үмбеталина апамызға сәлем бере келдік. Ол кісінің 26 шағын аудандағы 15 үйдің 18-інші пәтерінде тұрып жатқандығына жаңылмасам жиырма жылдан астам уақыт болды-ау деймін. Токсанның төртеуіне жетсе де серектігінен танбаған, сүйегі асыл апамыз, бұл жолы да ұрыста өзі куә болған, көзбен көрген кейбір оқиғаларды сөз етіп, сол кездегі жауынгерлердің бойындағы партиотизм, Отанды қорғауға деген ерлік-жігердің арқасында жеңіске жеткендерінің өз өмірінен мысалдар келтіре отырып, қызықты әңгімелес берді.

– Ер азаматтармен бірге соғысқа қатыстық. Бейбіт өмірде елімізді көркейтеміз, қазба байлықты игереміз деп тер төттік. Қияндықты да көп көрдік, аптап ыстықта, ызғырық боранда, суусыз шөлейтте, жергізілетіне жапып жүріп, мұнай өндірілді. Алған ағамым, марапатым бір басыма жетерлік. Еңбегімді бағалап, сый-сияпаттың жасап, жағдайымды біліп, қамқорлық жасап келе жатқан «Маңғыстаумұнайгаз» кәсіпорны басшыларына, мұнайшы азаматтарға алғысымды жеткізерсіз, деп толқылды.

– Атырудың қазағамын ғой. Елді еске алып, Жайық жайлы ән бар еді ғой, соны шырқап жіберсеңіздер, – деді сосын



әжімді жүзіне нұр жүгіртіп.

Бұл өзі бір керемет кездесу болды. Өн де салдық. Өңгіме де тыңдалдық. Мұнайшылар әкелген сыйлықтарын табыстап, ескерткіш суретке де түстік.

Түске жакын «Қарттар» үйіне жеттік. Өрине, құр қол емес. «Маңғыстаумұнайгаз» кәсіпорнынның жас мамандары әсем безендірілген, жеміс-жидек, тәттілер, күнделікті керекті тағамдар толы себетті, ішінде не керектің біразы бар пакетті көтеріп келеді. Жүздері жарқын. Алдын ала хабардар болса керек, ардагерлер де көңілді қарсы алып, мәре –сәре болып жатыр.

«Қарттар» үйінде тұрып жатқан ардагерлерді Тәуелсіздік күні мерекесімен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Майра Ғұмарова құттықтады. Жас мамандар арнайы алып келген сыйлықтарын табыс етті. Жеміс-жидектер, түрлі тағамдармен бірге косметикалық бұйымдар, Амангелді ағамызға қырығуға арналған «асай-мусейге» дейін алып келген екен. Ол кісі қуанышын білдіріп, мәз-мәйрам. Қарттарын құрметтеп, жақсылық жасауды мұрат еткен кәсіпорындағы өнеге өзге мекемелерде де жалғасын тауып жатса қандай жақсы!

Ардагерлер кезек кезегімен сөз алды.

–Бізді ұмытпай кәліп, осындай сый-сияпат көрсетіп жатқандарыңызға рахмет. Жас қайратымызды түбекті игеруге арнадық. Небір қияндықты бастан өткердік. Мұнайдың арқасында қаншама елді мекендер салынды, еліміз өркендеді. Еңбегіміздің нәтижесін көруден асқан қуаныш жоқ. Қартайған кезде қолтығымыздан сүйеп, жылы сөздеріңізді айтып, сыйлығыңызды өкеліп жатырсыныздар. Біз көрмеген қызықты сіздер көріңіздер, елің құрметіне бөленіңіздер, – деп Лидия Прокофьевна Мудрецова ізгі тілегін білдірді. Арбаға таңылған Амангелді Жекесембаев ағамыз сөйлей алмаса да риясыз көңілің, ризашылығың күлікімімен жеткізді.

«Қарттар» үйінен кейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері Ақтауда тұратын өзге бірнеше ардагерлерге сыйлықтарын табыс етті. Төртінші шағын ауданда тұратын Шолпан Зинуллина ерекше толқып, жанарына жас алды. Бұл күні бірнеше зейнеткерлердің қуанышына куә болған біздің де көңіліміз көтеріліп қалды. Қарттармыз аман болсын!

## НАША МИССИЯ – СОХРАНЕНИЕ ЗДОРОВЬЯ РАБОТНИКУ!



Почти год назад, 1 января 2017г, в рамках Программы трансформации АО «Мангистаунайгаз», на базе медико-санитарной службы (бывшая ведомственная поликлиника АО «Мангистаунайгаз»), был образован филиал ТОО «Институт хирургии» под брендом Центра современной медицины «MEDITERRA». Этому событию предшествовала большая работа-руководством и специалистами АО «Мангистаунайгаз» были тщательно рассмотрены предложения от ведущих поставщиков медицинских услуг со всего Казахстана, в итоге выбор пал на компанию, предложившую лучшее бизнес-направление и отвечающую всем требованиям и условиям. И вот спустя год, можно констатировать: выбор данной компании не обманул ожидания!

О том, что изменилось за это время, о текущей работе, задачах, планах и перспективах, рассказывает директор филиала Центра современной медицины «MEDITERRA» в городе Актау, Гулжанат Сбанкулова.

- Вначале я хотела бы рассказать о нашем коллективе – он у нас большой и дружный. Персонал Центра – это сотрудники, работавшие ранее в медико-санитарной службе АО «Мангистаунайгаз» и перешедшие под наше крыло в рамках программы трансформации. Конечно, поначалу люди переживали за свое будущее, это понятно. Была проведена большая разъяснительная работа, как со стороны руководства АО «Мангистаунайгаз», так и со стороны представителей «MEDITERRA», каждому сотруднику было гарантировано сохранение рабочего места и заработной платы.

Кроме того, мы дали своим сотрудникам возможность оказывать дополнительные платные услуги для работников других организаций. Из полученных за оказанные медицинские услуги доходов, 40% распределяется между трудовым коллективом.

Далее, с января 2018 года вступает в силу новый Коллективный договор, подписанный между руководством «MEDITERRA-Актау» и работниками. Его подписанию предшествовало широкое обсуждение в коллективе, и все стороны пришли к единому мнению. В рамках нового Коллективного договора, к примеру, предусмотрена материальная помощь к ежегодному трудовому отпуску. Кроме того, при положительном экономическом доходе, для персонала предусматриваются премии к национальному празднику Наурыз и к профессиональному празднику – День медицинского работника.

– Расскажите о врачах, занятых в «MEDITERRA-Алматы».

- Подобного врачебного состава в Казахстане вы просто не найдете. Под одной крышей работают ведущие специалисты страны. Критерии, по которым создавался такой штат, очень высокие: практически все доктора заняты в сфере здравоохранения более 20 лет, имеют высшие квалификационные категории и ученые степени, большой опыт работы в ведущих республиканских центрах, прошли стажировки в лучших зарубежных клиниках. Большинство, наряду с работой в нашей клинике, осуществляют преподавательскую деятельность в ведущих медицинских вузах. Что сказать, наши врачи – это звездный состав!

Центр современной медицины в Алматы оснащен самым передовым оборудованием. В июле 2017 года Комитет охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан провел внешнюю комплексную оценку организации и выдал свидетельство об аккредитации сроком на три года, как субъекту здравоохранения, соответствующему стандартам аккредитации в области здравоохранения Республики Казахстан.

Подтверждением эффективности работы алматинского центра является то, что буквально 11 декабря текущего года Министерство здравоохранения РК выбрало «MEDITERRA-Алматы» в качестве альтернативы зарубежным клиникам для направления пациентов по некоторым видам заболеваний. Это еще раз говорит, о том какие профессионалы работают в центре!

«MEDITERRA-Алматы», принимает пациентов со всего Казахстана, в том числе, в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи. Выполняются сложнейшие высокотехнологические операции по профилям: кардиохирургия, ангиохирургия, интервенционная хирургия, торакальная хирургия, гепатопанкреатобилиарная хирургия, нейрохирургия, уронефрология, онкология. Имеется готовность к комплексному лечению терминальных стадий заболеваний различных органов, с

привлечением трансплантологических технологий. Самое важное – все это доступно и для работников АО «Мангистаунайгаз». Согласитесь, ведь зачастую очень трудно, даже просто выбрать врача, мы же предлагаем специалистов высочайшего уровня. Нефтяники, а также некоторые члены их семей (не более трех человек) могут на бесплатной основе воспользоваться определенными клинико-диагностическими услугами. В случае стационарного лечения в «MEDITERRA-Алматы», предусмотрена скидка в 15% для сотрудников АО «Мангистаунайгаз».



– А, филиал, созданный в городе Актау, также нацелен на высокий уровень медицины?

- Безусловно! Хочу отметить, что практически весь персонал клиники (107 работников) прошел специальное профильное обучение как в Алматы, так и в Актау. Раньше в клинике, построенной еще во времена СССР, и относящейся к ведомственным учреждениям, для врачей подобное профессиональное обучение не предусматривалось, а сейчас вместе с персоналом даже водители, которые перевозят больных, прошли обучение для оказания первой медицинской помощи пострадавшему человеку. Немаловажно заметить, что штат поликлиники был доукомплектован такими врачами узкого профиля как эндокринолог, врач функциональной диагностики и т.д.

Кроме того, в настоящее время, проводится полная модернизация вверенной нам поликлиники. Ведется капитальный ремонт здания, практически завершены работы по подготовке помещения для установки сложного диагностического оборудования: компьютерного томографа и магнитно-резонансного томографа новейшего поколения. Хочется особо отметить, что во всей Мангистауской области подобным оборудованием располагают всего лишь три лечебных учреждения (областная больница и две частные клиники). Теперь же новейшие технологии появились и в нашей клинике, а население получило доступ к сверхточному изображению исследуемого органа в трехмерном виде.

Хочу также отметить, что у наших врачей появилась возможность получать консультации у специалистов центра в Алматы посредством видеосвязи. В случае возникновения каких-либо сложностей местные врачи могут без проблем получить необходимую консультацию у коллег из Алматы.

– Как медицинская помощь оказывается сотрудникам, работающим на месторождениях?

- Врачебные амбулатории на месторождениях Каламкас и Жетыбай находятся под нашим непрерывным контролем. В амбулаториях, также проводится серьезная плановая работа по улучшению ситуации: дооснащение необходимым медицинским оборудованием и инвентарем, обучение специалистов, улучшение коммуникаций между амбулаториями и центрами в Актау и Алматы. К слову, в августе 2017 года руководством «MEDITERRA» для врачебной амбулатории на месторождении Каламкас был выделен современный реанимобиль. В ближайшем будущем,

современными реанимобилями оснастит врачебную амбулаторию на месторождении Жетыбай и основной медицинский центр в Актау. В текущем году руководством «MEDITERRA» было принято решение инвестировать более 800 млн. тенге на проведение строительно-ремонтных работ и приобретение необходимого оборудования – в частности, компьютерного и магнитно-резонансного томографов, лабораторного оборудования, алкотестеров, тонометров, термометров и др. Хотелось бы отметить, что уже немало больных из числа работников АО «Мангистаунайгаз» с тяжелыми патологиями смогли получить высокоспециализированную медицинскую помощь в головном центре «MEDITERRA». Организация подобных процедур для нас не является проблемой, так как согласования на разных уровнях, требуемых в системе государственного здравоохранения, мы исключаем. Также в ряде случаев для лечения сложных больных из числа наших нефтяников, находящихся в Мангистауской областной больнице, нами были привлечены консультанты высокой квалификации из центра «MEDITERRA» для оказания консультативно-практической помощи на месте.

Важно подчеркнуть, что работники АО «Мангистаунайгаз», находящиеся, например, в командировке в Алматы или Астане, в случае необходимости, могут получить соответствующую медицинскую помощь по месту нахождения.

– «MEDITERRA-Актау» будет по-прежнему ведомственной организацией, которая обслуживает только сотрудников АО «Мангистаунайгаз»?

- «MEDITERRA-Актау» частная структура и приоритетным направлением для нас являются медицинские услуги для сотрудников АО «Мангистаунайгаз» и работников сервисных компаний, но также мы нацелены на оказание всесторонней медицинской помощи любой категории населения. В то же время, согласно

действующему Соглашению с АО «Мангистаунайгаз», для работников Общества, а также, их родственников, предоставляются специальные условия, как на диагностические, так и на лечебные услуги.

В регистратуре поликлиники имеется база данных сотрудников АО «Мангистаунайгаз» и трех членов семьи, представленных Обществом, с указанием паспортных данных. В рамках действующего соглашения, члены семьи проходят бесплатное диагностическое обследование: биохимический анализ крови, общий анализ крови и мочи, ЭКГ, микрореакция, рентгенография, флюорография. Сотрудники АО «Мангистаунайгаз» также могут пройти бесплатное диагностическое обследование, а также бесплатно компьютерную томографию, магнитно-резонансную томографию, ультразвуковое исследование, эндоскопическое исследование, эхокардиографию, электроэнцефалографию, тредмил-тест, цитологические исследования, липидный спектр крови, исследования на гормоны, онкомаркеры и т.д. В дневном стационаре, по назначению врачей поликлиники, лечение проводится бесплатно, в рамках утвержденного лекарственного формуляра.

Стоит особо подчеркнуть, что для сотрудников АО «Мангистаунайгаз» предусмотрена скидка 10% для санаторно-курортного лечения (реабилитация) в оздоровительных центрах: «Сосновый бор», «Ақбулақ», «Демальс Кю» и «Манкент».

– Какие удобства вы создали для получения лечения в поликлинике?

- Некоторые сотрудники Общества предложили создать более гибкий график работы дневного стационара. Ранее дневной стационар работал с 08.00ч. до 12.00ч. и с 13.30ч. до 17.30ч. (суббота и воскресенье – выходные дни). Администрация филиала, учитывая мнение трудового коллектива, изменила график работы: с 08.00ч. до 20.00ч. в будни (без перерыва), и с 08.00ч. до 15.00ч. в субботу и воскресенье.

Также открыта аптека с большим ассортиментом лекарственных средств и лекарственных изделий, в которой для сотрудников АО «Мангистаунайгаз» предусмотрена 15% скидка.

– Ограничивается ли ваша работа диагностическими и лечебными услугами?

- С учетом требований региона, потребностей АО «Мангистаунайгаз», нефтяников Каламкаса и Жетыбая, а также, других крупных компаний нефтедобывающей отрасли, мы посчитали, что необходимо на должном уровне организовать проведение качественного предменного медицинского осмотра. Здесь также немаловажную роль имеют существующие современные технологии, которые позволяют не только улучшить качество, но и значительно ускорить проведение предменного осмотра и соответственно, повлиять на общие показатели эффективности труда.

На сегодняшний день в пунктах проведения предменного медицинского осмотра установлены: автоматические тонометры с твердой цилиндрической манжетой с локтевым преддавлением, которые не требуют дополнительных настроек, быстро и точно определяют артериальное, систолическое давление и пульс; цифровые бесконтактные тепловизоры, которые определяют температуру тела за пару секунд и портативные алкотестеры, способные определить наличие алкоголя в выдыхаемом человеком воздухе также за несколько секунд.

В заключение, хотелось бы отметить, что деятельность любой медицинской организации оценивается по результату ее работы. Для нас большим и положительным результатом является снижение заболеваемости работников АО «Мангистаунайгаз». Общее число случаев заболеваемости работников Общества снизилось с 2490 в 2016 году до 2229 в 2017 году. В частности, снизилось число случаев заболеваний костно-мышечной системы, органов пищеварения, кожи и подкожной клетчатки, почек и мочевыводящих путей.

Это отрадно, потому что наша главная миссия – сохранение здоровья работников. На этой позитивной ноте, хочу поздравить всех своих коллег, всех нефтяников с наступающим Новым Годом! Желаю Вам семейного благополучия, достатка, успехов в работе, ну и самое главное – крепкого здоровья! Берегите себя и не болейте!

## Қайырымдылық

## СӘБИЛЕРГЕ СЫЙ

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні "Манғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы қызметкерлері ертеңгілік жұмысты сәбилер үйінің ауласына қошеттер отырғызудан бастады. Көктемде жерінің кететін «боз арша», «катыльпа», «калетерия» сынды шыбықтарды отырғызуда бір топ әріптестерімен мен де балалар үйіне бет алдым. Таңы салқын «қылышын сүйретіп жеткен» қыстан хабар бергендей. Теңіз жақ бетке шыққанда жағалаудан азынай соққан желге ілескен қарасуық өнімнің өстіп, қалтыратып-ақ жібергені рас. Алайда бұл «Сәбилер үйіндегі» жанары жасты, жүрегі жүдеу бүлдіршілерге арналған жүректің жылуының қасында не болыпты, тәйірі! Бал бөбегімді құшағымызға басып әділден отырғанда, тап осы сәтте каланың бір бұрышындағы қазыналық ғимаратта бесік жырын тылдамай, өміренің иіскей қояр омырау таппай жауғандаған жетімдер тағдырына селқос қарауға жүрегі бар адам баласы қайтпн шыдар?! Кетіп бара жатқан қазақ әріптестерінен қалмай, жеңіл жейдесін іле шыққан жетекші геолог Ван Цзінаоның тебіренісін, кейін ішке келгесін жұмыстаарымен бөліскен әсері туралы естігенде, өз ұжымым үшін қуандым...

...Бірілі жарасқан жас жігіттер мен қыздар лезде ұлағатты істің ортасынан табылып, қолдарына күрек пен шелек алып қызу кірісіп кетті. "Нұр Отан" партиясы мүшелері мен компания жанындағы Жас мамандар Кеңесі бастамасымен ұйымдастырылған қай шараға да мұнайшылардың тап осылай бірауыздан үн қоса кететініне еріксіз риза боласын. Ақция аясында мұнайшылар балалар үйінің тыныс-тіршілігімен танысып, бөбектермен кездесті, көңілі аулады.

Қайырымдылық шараның басы-қасында бізбен жүрген Манғыстау облыстық мамандандырылған балалар үйінің бас дәрігері Сәуір Ермұханова жастарға дән риза болып, «ертең мына қошеттер үлкен ағашқа, баққа айналғанда балаларымызға сая болса, онан артық нендей көмек керек?» деп қуанышын жеткізді.

...Бар қазынаны жерінің қойнына салып, көл-көсір теңізбен қоршаған Табиғат-Ананың бізге келгенде жасыл-желекке сараңдық танытқанын айтсаңшы! Ағашты жердің ырысы мол. Сондықтан да компанияның жас мамандар Кеңесі жыл сайын туған жердің төсіне бір шыбық болса да қадауды ойға алған болатын. Өткен жылы Тауезділіктің 25 жылдығына орай "Ақбота" науқанды егілген 25 жыл тал-терек биыл жазда қадімгідей бой көтеріп, жапырақтары желмен сырласты. Паркен әрі-бері өткен сайын қаз-қатар тізілген талдардың ертең саялы баққа айналатынына марқасын.

Биыл да Компания жастары Тұңғыш Президент күніне «не шара жасаймыз» дегенде балалар үйіне әдеттегі бір жолғы көмектен гөрі, жылдар бойы балаларға сая болатын жасыл-желекті егуге сөз байласқан болатын. Біздің апарған шыбықтарымыз Сәбилер



үйіндегі әр балаға жетіп артылды. Әрқайсысына атаулы тал-дарақ арналды десе де болды. Бүгіннен бастап әр нәресте сол талдардың өзімен бірге көктемде деп ырым еттік. Адам баласының жер бетіне келгендегі мақсаты – тал егу, үй салу, үл өсіру деген қағида бар. Тал егілді. Енді әр баланың өз шаңырағы болатыны, онан әрі өніп-өрбитіні сөзсіз. Лайымда, тап солай болмай-дағы!

\*\*\*

Тұңғыш Президент күнінің шаралары тұс ая кайта жалғасты. Мұнайшылардың «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры қаладағы аз қамтылған 9 отбасы балаларына қыстық киімдер сыйға тартуға шықты.

Қазан айындағы қайырымдылық жарналары есебінен Қор есепшотына түскен 128 мың теңге екіге бөлініп жұмсалды. 45 946 теңгеге - Ақтау қаласының №6 орта мектебі директорының арызы бойынша аз қамтылған отбасыларынан шыққан 10-14 жас аралығындағы 5 оқушыға қысқы жылы күртке сатып алынды.

Қалған 83 410 теңге - Мұнайлы ауданы Бірлік ауылының тұрғыны, көп балалы ана Шолпан Өмірзақтын сырт киім мен аяқ киімнің жолтғығын сыртқа шыға алмай отырған 4 баласына көмек сұрап жазған хаты негізінде қысқы жылы етік пен күртке алуға жұмсалды.

Лаура Жолдыбаева

**Колесо фортуны**  
**СЧАСТЛИВЫЙ БИЛЕТ**

1 000 000

### Сотрудник АО «Мангистаумұнайгаз» стал миллионным пассажиром международного аэропорта Ақтау

Спортивный методист по месторезиденции Казамкас ДУЧРСП АО «Мангистаумұнайгаз» Султанкерей Тилегенов в тот день в составе областной делегации направлялся на соревнования по настольному теннису в Астану и совершенно не догадывался какой приятный сюрприз его ожидает.

Юбилейный пассажир, определялся среди тех, кто летел рейсом Ақтау – Астана, авиакомпании Bek Air. Все пассажиры борта получили по два посадочных талона, один из которых, опустили в прозрачный бокс, для участия в розыгрыше.

Определил счастливица самый маленький пассажир, вытянув один из посадочных талонов. С легкой руки малыша приз достался нашему коллеге Султанкерей Тилегенову.

Миллионного пассажира тепло поздравил аким Мангистауской области Ералы Тугжанов и вручил в подарок годовой сертификат на бесплатное обслуживание в зале с повышенной комфортностью - СП, а также сертификат на один бесплатный перелет.

- Для меня это большая неожиданность, - признается Султанкерей Тилегенов. - Я как спортсмен, часто и много путешествую и стать миллионным пассажиром для меня большая честь. Кстати летел я в Астану 13 декабря, и посадочный талон у меня был на 13 место, вот и верь после этого суверения!

Султанкерей Тилегенов – чемпион Казахстана по настольному теннису среди ветеранов, кандидат в мастера спорта, многократный призер городских и областных соревнований.

## Спорт

## ФУТБОЛЬНЫЕ БАТАЛИИ

Накануне Дня Независимости Республики Казахстан, состоялся турнир по мини-футболу среди ветеранов, на кубок компании «Мангистаумұнайгаз».

Соревнования среди ветеранов проводились впервые и вызвали большой интерес у любителей футбола. Заявки на участие в турнире подали 15 команд, в том числе и такие сборные как: «Озенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «МАЭК-Казатомпром» и др.

Все участники были разбиты на четыре подгруппы: победители и команды, занявшие вторые места встречались между собой в перекрестных полуфиналах.

В первом полуфинале сборная АО «Мангистаумұнайгаз» не оставила ни одного шанса команде «Шеллси» - 7:3. Гораздо драматичнее оказалось поединком между «Озенмұнайгаз» и «Мобил Сервис» - основное и дополнительное время завершилось вничью 2:2, а в серии послематчевых пенальти удача была на стороне «Мобил Сервис».

Финал турнира между командами АО «Мангистаумұнайгаз» и «Мобил Сервис» полностью оправдал ожидания болельщиков! При счете 2:2 казался дополнительного времени не избежать, но тут в одной из атак удалось отличиться форварду «Мобил Сервис», в оставшиеся минуты команда нефтяников бросилась отыгрываться и оголила тылы, этим воспользовались соперники, которые организовали еще одну блестящую контратаку.

4:2 – заслуженная победа команды «Мобил Сервис»!



\*\*\*

Еще один турнир по мини-футболу, посвященный Дню Независимости Казахстана, состоялся между департаментами АО «Мангистаумұнайгаз». За звание лучшей сборной боролись шесть команд: ДАИТиС, ДМиСН, ДГиРМ, ДБПиЭА, ДЗиМТС и ДАВ.

Игры проходили по круговой системе в подгруппах по три команды.

По окончании группового этапа в первом полуфинале встретились команды ДГиРМ и ДБПиЭА, со счетом 2:0 победу одержали геологи. В другом полуфинале – ДАВ-ДАИТиС - болельщиков ожидал град голов, до последних секунд шла равная борьба, но в драматичной концовке ДАИТиС буквально вырвал победу со счетом 7:6.

В матче за третье место ДАВ был сильнее ДБПиЭА – 6:3. А в финале, в котором сошлись команды ДГиРМ и ДАИТиС, удачливее вновь оказались геологи, которые одержали трудовую победу со счетом 2:1.

По итогам турнира лучшим вратарем был признан Нурсултан Тилембаев (ДБПиЭА), лучшим защитником – Бекзат Айдаров (ДГиРМ), а приз самого результативного форварда соревнований достался Бауыржану Жакыпову (ДАВ), на счету которого 9 мячей.



|   |  |  |   |   |   |
|---|--|--|---|---|---|
| <p><b>Мұнайлы Өлке</b><br/>Меншік иесі:<br/>«Манғыстаумұнайгаз» АҚ<br/>Редактор: Есназар Султанов<br/>Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Өбдісәдік,<br/>Ж.Кемалова, Е.Қонақбаева<br/>Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев</p> | <p>Мекен-жайымыз:<br/>130000, Ақтау қаласы<br/>6 ш.а., №1 үй,<br/>тел:<br/>212-424, 212-601<br/>212-603, 212-606</p> <p>Газет айына 1 рет шығады.<br/>Тегін таратылады</p> | <p>Газет ҚР<br/>Мәдениет және<br/>ақпарат<br/>министрілігінде<br/>есепке<br/>қойылып,<br/>№ 9675 - Г<br/>күөлгі берілген</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді</li> <li>■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды</li> <li>■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды</li> </ul> | <p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.<br/>Индексі: 64265</p> | <p>«АТИС» ЖШС баспаханасында басылды.<br/>Ақтау қаласы, 17 ш/а.<br/>тел: 525500</p> |
|---|--|--|---|---|---|